

"Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қаңтар N 27

"Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкін сақтауды қамтамасыз ету мен ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 шілдедегі N 946 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Байқоңыр" кешенінің Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген және құрамынан шығарылатын объектілері мүлкінің негізінде, шаруашылық жүргізу құқығында "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.

2. "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін;

"Байқоңыр" кешенінің Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген және құрамынан шығарылатын объектілерінің сақталуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;

аталған объектілерді конверсиялау жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі» "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.05.29. N 438 қаулысымен

3-1. "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Инфракос-Экос" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат берілсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.07. N 770 қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі бір ай мерзім ішінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылтайшылық құжаттарын дайындап, "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мемлекеттік тіркеуді іске асырсын.

5. "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Байқоңыр қаласында орналасатын жері айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шаруашылық жүргізу құқығында "Байқоңыр" кешенінің Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген және құрамынан шығарылатын объектілерінің мүлкін белгіленген тәртіппен беретін болсын.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ